

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге арнап дизельдік отын бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 21 сәуір N 107-ө

1. Облыстарда көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге арнап мемлекеттік резервтен 15 мың тонна дизельдік отын бөлу туралы Қостанай облысының әкімі мен "Қостанай мұнай өнімдері" акционерлік қоғамының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті жоғарыда көрсетілген мақсатқа арнап, 1997 жылдың сәуірінде республикалық бюджеттің кірісіне сату сәтіндегі қалыптасқан бағалар бойынша алынған мұнай өнімдерінің құнын төлегеннен кейін, жаңарту тәртібімен, "Контакт-2" Сыртқы сауда фирмасына 15 мың тонна дизельдік отын босатсын.

Премьер-Министр